Индекс цен предприятий-производителей промышленной продукции (ИЦП) отражает динамику цен на готовую промышленную продукцию, произведенную промышленными предприятиями республики, и оказанные ими услуги производственного характера. Для агрегирования индексов цен по видам экономической деятельности в качестве базы взвешивания используются данные о стоимости промышленной продукции за предшествующий год.

Өндірістік – техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағасының индексі республиканың өнеркәсіп кәсіпорындары технологиялық процесс үшін сатып алған материалдық – техникалық ресурстар бағасының өзгерісін сипаттайды. Бағаны тіркеу ресурстарды сатып алу арналары бойынша таңдап алынған топтар бойынша жүргізіледі.

Экспорттық жеткізілім бағасының индексі республикада өндіріліп және басқа елдерге шығарылатын тауарлар бағасының өзгеруін сипаттайды.

Импорттық түсімдер бағасының индексі республика мүддесі үшін дүниежүзілік қоғамдастық елдерінен сатып алынған өнімдер бағасының өзгерісін сипаттайды.

Олар кеден статистикасы деректерін пайдалана отырып есептелінеді. Тіркеуге жататын сыртқы сауда бағасы, кедендік баж және отандық делдалдарға (көтерме және бөлшек саудадағы) байланысты шығыстарды есептемегендегі, экспортталатын және импортталатын өнімдерді өткізу бағасы болып табылады. Бағаларды бақылау тауар топтарына кіретін өкіл-тауарлар жиынтығы бойынша жүргізіледі. Жеке индекстерді біріктіру үшін есепті жылдың алдындағы жылғы экспортталатын және импортталатын өнімдер құны туралы деректер қолданылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасының индексі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өндірген және түрлі арналары бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өзгерісін сипаттайды. Өткізу бағасының индексін есептеу үшін ақпарат көзі ретінде меншіктің барлық нысандарындағы және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардағы ауыл шаруашылығы

Индекс цен приобретения продукции производственно-технического назначения характеризует изменение цен на материально-технические ресурсы, приобретенные промышленными предприятиями республики для технологического процесса. Регистрация цен ведется, исходя из отобранных групп ресурсов по каналам поступления.

Индекс цен экспортных поставок характеризует изменение цен на товары, производимые в республике и экспортируемые в другие страны.

Индекс цен импортных поступлений характеризует изменение цен на продукцию, закупленную в странах мирового сообщества для нужд республики.

Они рассчитываются с использованием данных таможенной статистики. Цена внешней торговли, подлежащая регистрации, представляет собой цену реализации экспортируемой и импортируемой продукции без учета таможенных пошлин и расходов, связанных с отечественными посредниками (оптовыми и розничными). Наблюдение за ценами осуществляется по набору товаров-представителей, входящих в товарные группы. Для агрегирования индивидуальных индексов используются данные о стоимости экспортируемой и импортируемой продукции за год, предшествующий отчетному.

Индекс цен реализации на продукцию сельского хозяйства – характеризует изменение цен на отобранные виды продукции, произведенные сельскохозяйственными товаропроизводителями, и реализованные ими через различные каналы сбыта. Источником информации для расчета индекса цен реализации служат данные статистического наблюдения по выборочному

құралымдарының іріктелген шеңберінің статистикалық байқау деректері алынады.

Құрылыстағы баға индексі құрылыс өндірісіндегі бағаның қозғалысын сипаттайды. Ол құрылыстың технологиялық құрылымы элементтері (құрылыс–монтаж жұмыстары, машиналар мен жабдықтар бойынша, өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар) бойынша баға индекстерін біріктіру жолымен есептеледі.

Құрылыс - монтаж жұмыстары бағасының индексін құру негізінде іріктелген құрылыс ұйымдарында құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын сатып алу бағасын тіркеу, құрылыс-монтаж жұмыстары құнын анықтайтын материалдық және басқа шығындардың қалған баптары бойынша бағаның өзгеру үрдісін есепке алу деректері жатыр. Есептеу экономикалық қызметтің әртүрлі түрлерінің құрылыс-монтаж жұмыстарының арнайы әзірленген технологиялық модельдері негізінде жүргізіледі. Технологиялық модель – экономикалық қызметтің белгілі бір түрінің объектілер кешенін өндіруге кеткен шығындарды сипаттайтын ресурстар жиынтығы.

Машиналар мен жабдықтар бағасының индексі құрылыс өндірісінде пайдаланылатын, отандық өндірушілер жабдықтары, шетелден келетін машиналар мен жабдықтар бағасының өзгеруі және оларды жеткізуге жұмсалған көлік шығыстары туралы деректер бойынша есептеледі.

Құрылыстағы баға индексі құрамындағы өзге де жұмыстар мен шығындар бағасының өзгеруі осы жұмыстардың негізгі құрамының бағалануы арқылы есептеледі (жобалау-іздістіру жұмыстары, пайда-

кругу сельскохозяйственных формирований всех форм собственности и организационно-правовых форм.

Индекс цен в строительстве характеризует изменение цен в строительном производстве. Он рассчитывается путем агрегирования из индексов цен по элементам технологической структуры строительства (строительно-монтажным работам, по машинам и оборудованию, прочим работам и затратам).

В основе построения индекса цен на строительно-монтажные работы лежат данные регистрации цен на приобретаемые строительные материалы, изделия и конструкции в отобранных строительных организациях и учета изменения статей материальных и других затрат, определяющих стоимость строительно-монтажных работ. Расчет производится на основе специально разработанных технологических моделей строительно-монтажных работ различных видов экономической деятельности. Технологическая модель представляет собой совокупность ресурсов, характеризующих затраты на производство комплекса объектов определенного вида экономической деятельности.

Индекс цен на машины и оборудование исчисляется по данным об изменении цен отечественных производителей оборудования, используемого в строительном производстве, машин и оборудования, поступающих из-за рубежа, и транспортных расходов на их доставку.

Изменение цен на прочие работы и затраты в составе индекса цен в строительстве измеряется посредством их оценки на основные составляющие этих работ (проектно-изыскательские работы, работы по эксплуатационному и глубокому разведочному бурению и другие затраты).

лану және терең барлау бұрғылау жұмыстары және басқа да шығындар).

Жүк тасымалдау тарифтерінің индексі белгілі бір уақыт кезеңіндегі жүктерді көліктің әр түрімен тасымалдау бойынша қызметтер тарифтерінің өзгерісін сипаттайды.

Жүктерді тасымалдау тарифтерінің өзгерісін байқау қызметі республиканың барлық өңірлерінде осы қызметтерді көрсетумен байланысты іріктеп алынған көлік кәсіпорындарының іріктелген желісі бойынша жүзеге асырылады. Қызметтер жиынтығына осы көлік түрі үшін барынша маңызды жүк ағындарының бағыттары (қатынастары), тасымалданатын жүк типтері мен оларды жөнелту түрі кіреді.

Заңды тұлғаларға көрсетілген почталық және курьерлік қызметтері тарифтерінің индексі – заңды тұлғаларға көрсетілген почталық және курьерлік қызметтері тарифтерінің өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш. Тарифтердің индексін есептеу почталық және курьерлік қызметтер кәсіпорындары ұсынатын қызметтер түрлерінің белгіленген тізбесі бойынша жүргізіледі. Салмақтау базасы ретінде осы қызметтер түрлерін кәсіпорындарының осы қызмет көрсетулерді өткізуден түскен өткен жылғы кірістері туралы деректер пайдаланылады.

Заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің индексі – заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш. Тарифтердің индексін есептеу байланыс кәсіпорындары ұсынатын қызметтер түрлерінің белгіленген тізбесі бойынша жүргізіледі. Салмақтау базасы ретінде байланыс кәсіпорындарының осы қызмет көрсетулерді өткізуден түскен өткен жылғы кірістері туралы деректер пайдаланылады.

Индекс тарифов на грузовые перевозки характеризует изменение тарифов на услуги по перевозке грузов различными видами транспорта за определенный временной период.

Наблюдение за изменением тарифов на перевозку грузов осуществляется по выборочной сети отобранных транспортных предприятий, деятельность которых связана с оказанием этих услуг во всех регионах республики. В набор услуг входят наиболее важные для данного вида транспорта направления (сообщения) грузопотоков, типы перевозимых грузов и род их отправки.

Индекс тарифов на почтовые и курьерские услуги для юридических лиц характеризует изменение тарифов на почтовые и курьерские услуги для юридических лиц. Расчет индексов тарифов производится по определенному перечню видов услуг-представителей, оказываемых предприятиями почтовой и курьерской деятельности. В качестве базы взвешивания используются данные о доходах, полученных предприятиями этого вида деятельности от представления услуг за предыдущий год.

Индекс тарифов на услуги связи для юридических лиц характеризует изменение тарифов на услуги связи для юридических лиц. Расчет индексов тарифов производится по определенному перечню видов услуг-представителей, оказываемых предприятиями связи. В качестве базы взвешивания используются данные о доходах, полученных предприятиями связи от представления этих услуг за предыдущий год.

## Основные средства

Негізгі құрал-жабдықтар - тауарларды өндіру немесе жеткізу, рыноктық және рыноктық емес қызметтер көрсету, жалға беру немесе әкімшілік мақсаттар үшін пайдаланылатын және мынадай:

оларды бір жылдан астам уақыт бойы пайдалану көзделетін;

- болашақтағы экономикалық тиімділіктер осындай активтерге байланысты болуы мүмкін;

- активтің құны дәл анықталуы мүмкін талаптарға жауап беретін материалдық және материалдық емес бейақша активтер.

Бастапқы құн — бұл негізгі қорларды құру немесе сатып алу үшін нақты жұмсалған шығындар құны, оған төленген, өтелмейтін салықтар мен алымдар қосылады, сондай-ақ жеткізуге, құрастыруға, орнатуға, іске қосуға жіберілген шығындар және өз міндетіне сай пайдалану үшін негізгі құрал-жабдықтарды жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез-келген басқа да шығыстар, сондай-ақ белгілі күнге негізгі қорлардың қолданыстағы рыноктық бағасы бойынша құны.

Баланстық құн - бұл активтің барлық қорланған өтелімнің сомасын есептен шығарғаннан кейін осы актив баланста деп танылатын сома.

Негізгі құрал-жабдықтарды жою (шығарып тастау) коэффициенті негізгі құрал-жабдықтарды ұдайы өндірумен сипатталады. Жыл бойы шығарылып тасталған негізгі құрал-жабдықтардың жыл басына нақты барына қатынасы ретінде анықталады.

Негізгі құрал-жабдықтарды жаңарту коэффициенті қайта іске қосылған негізгі құрал-жабдықтардың жыл соңына олардың нақты барындағы үлес салмағын бейнелейді.

Основные средства - материальные и нематериальные неденежные активы, используемые для производства или поставок товаров, оказания рыночных и нерыночных услуг, для сдачи в аренду или административных целей и отвечающие следующим требованиям:

- предполагается их использование на протяжении более одного года;

- существует вероятность того, что с такими активами связаны будущие экономические выгоды;

- стоимость актива может быть достоверно определена.

Первоначальная стоимость — это стоимость фактически произведенных затрат по возведению или приобретению основных фондов, включая уплаченные, невозмещаемые налоги и сборы, а также затраты по доставке, монтажу, установке, пуску в эксплуатацию и любые другие расходы, непосредственно связанные с приведением актива в рабочее состояние для его использования по назначению, а также стоимость основных фондов по действующим рыночным ценам на определенную дату.

Балансовая стоимость — это сумма, по которой актив признается в балансе после вычета суммы всей накопленной амортизации данного актива.

Коэффициент ликвидации (выбытия) основных средств характеризует воспроизводство основных средств. Определяется как отношение выбывших за год основных средств к их наличию на начало года.

Коэффициент обновления основных средств отражает удельный вес вновь введенных основных средств в их наличии на конец года.



Негізгі қорлардың өтелімі – бұл пайдалы қолдану мерзімі ішінде активтің өтелетін құнының шығыстарына жүйелі түрде бөлу.

Тозу дәрежесі - негізгі қорлар амортизациясының негізгі қорлардың бастапқы құнына қатынасы.

Амортизация основных фондов – это систематическое распределение на расходы амортизируемой стоимости актива на протяжении срока его полезного использования.

Степень износа - отношение амортизации основных фондов к первоначальной стоимости основных фондов.

## **Ұлттық шоттар жүйесі**

### **Система национальных счетов**

Қазақстан Республикасында қалыптастырылатын Ұлттық шоттар жүйесі 1993 жылғы ҰШЖ тұжырымдамаларына негізделген. Ол елдің экономикасын ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып құрылған.

Ұлттық шоттар жүйесінің мәні экономика салаларының ұдайы өндіріс процесінің әртүрлі сатыларындағы дамуының жинақтап қорытылған көрсеткіштерін есептеп шығаруға және осы көрсеткіштердің бір-бірімен өзара үйлесуіне саяды. Ұдайы өндірістің әрбір сатысына арнаулы шот немесе шоттар тобы сәйкес келеді. Осылайша, өндірілген тауарлар мен қызметтер құнының қозғалысын, сондай-ақ өндіруден пайдалануға дейінгі қосылған құнды бақылап отыру мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында 1990-2008 жылдардың өндіріс шоттарын, табыстың құрылуын, заттай табысты бастапқы, қайталама бөлуді және қайта бөлуді, табысты пайдаланудың, капиталмен операциялардың және тауарлар мен қызметтер шоттарын есептеу жүзеге асырылған.

Система национальных счетов, формируемая в Республике Казахстан, основана на концепциях СНС 1993 года. Она построена с учетом специфики организации и функционирования экономики страны.

Суть системы национальных счетов сводится к расчету обобщающих показателей развития отраслей экономики на различных стадиях процесса воспроизводства и взаимной увязке этих показателей между собой. Каждой стадии воспроизводства соответствует специальный счет или группа счетов. Таким образом, имеется возможность проследить движение стоимости произведенных товаров и услуг, а также добавленной стоимости от производства до использования.

В настоящее время в Республике Казахстан осуществлены расчеты счетов производства, образования доходов, первичного, вторичного распределения и перераспределения доходов в натуре, использования доходов, операций с капиталом и счета товаров и услуг за 1990-2008гг.

Выпуск представляет собой суммарную стоимость товаров и услуг, произведенных в экономике в отчетном периоде.

Шығарылым есепті кезеңде экономикада өндірілген тауарлар мен қызметтердің жиынтықты құнын көрсетеді.

Тауар өндіруге өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, құрылыс сияқты салалар кіреді.

Қызмет өндіруге көлік, байланыс, сауда, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, банк қызметі және т.б. қызметтер жатады.

Жалпы қосылған құн салалар деңгейінде тауарлар және қызметтер шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық ретінде есептеп шығарылады. «Жалпы» термині өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капиталдың құны көрсеткішке қосылтындығын көрсетеді.

Өнімдерге салынған салықтарға мөлшері өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты салықтар кіреді. Өнімдерге салынатын салықтарға қосылған құн салығы, акциздер, кедендік төлемдер және басқалары кіреді. Импортқа салынатын салықтар – бұл шетелдерден әкелінетін тауарлар мен қызметтерге салынатын салықтар.

Жалпы ішкі өнім өндіріс сатысында жалпы қосылған құнды салалар бойынша жиынтықтау жолымен алынады. Жалпы ішкі өнім рынок бағасы бойынша есептеп шығарылады, яғни өзіне өнімдерге және импортқа салынған таза салықтарды қосады. «Таза» термині салықтың тиісті демеуқаржылардың шегеріліп көрсетілгендігін білдіреді. Бұл – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Производство товаров включает в себя такие отрасли, как промышленность, сельское хозяйство, лесное хозяйство, рыбное хозяйство, строительство.

Производство услуг включает услуги транспорта, связи, торговли, образования, здравоохранения и социальные услуги, услуги банков и др.

Промежуточное потребление равно стоимости товаров и услуг, которые трансформируются или полностью потребляются в процессе производства в отчетном периоде. Потребление основного капитала не входит в состав промежуточного потребления.

В состав промежуточного потребления включается отдельной позицией потребление косвенно-измеряемых услуг финансового посредничества (банков).

Валовая добавленная стоимость исчисляется на уровне отраслей как разность между выпуском товаров и услуг и промежуточным потреблением. Термин «валовая» указывает на то, что показатель включает потребленную в процессе производства стоимость основного капитала.

Налоги на продукты включают налоги, размер которых прямо зависит от стоимости произведенной продукции и оказанных услуг. К налогам на продукты относятся: налог на добавленную стоимость, акцизы, таможенные платежи и др. Налоги на импорт – это налоги на импортируемые товары и услуги.

Субсидии – текущие некомпенсируемые выплаты из Государственного бюджета предприятиям при условии производства ими определенного вида товаров и услуг.

Экономиканың жалпы (таза) пайдасы қосылған құнның қызметкерлер еңбегіне ақы төлеуге және өндіріске салынатын салықтарды төлеуге байланысты шығыстарды шегергеннен кейін өндірушілерде қалатын бөлігі. «Жалпы» немесе «таза» термині бұл жағдайда осы көрсеткіш өндіріс процесінде негізгі капиталды тұтынуды қоса ма немесе қоспай ма соны көрсетеді.

Үй шаруашылықтарының меншігінде тұрған кәсіпорындардың өндірістік қызметінің нәтижесінде құралатын пайда жалпы аралас пайда деп аталады, өйткені ол кәсіпорынның меншік иесі орындаған жұмысқа ақы төлеуді де, сол сияқты кәсіпкерліктен түскен пайданы да көрсетеді.

Трансферт бір институционалдық бірліктің екінші бірлікке орнына тауар, қызмет немесе актив түріндегі өтем алмай-ақ, тауар, қызмет немесе актив (қаржылық немесе қаржыға жатпайтын) беру операциясы. Трансферт ағымдағы және күрделі деп бөлінеді. Олар ақшалай және заттай нысанда жүргізілуі мүмкін.

Түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстар үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан, мемлекеттік мекемелердің дербес тауарлар мен қызметтерге, ұжымдық қызметтерге түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан, сондай-ақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан құралады. Бұндай топтастыру түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарды кімнің қаржыландыратынын көрсетеді.

Валовой внутренний продукт на стадии производства получается путем суммирования валовой добавленной стоимости по отраслям. Валовой внутренний продукт рассчитывается по рыночным ценам, то есть включает в себя чистые налоги на продукты и на импорт. Термин «чистые» означает, что налоги показаны за вычетом соответствующих субсидий. Это – один из важнейших показателей системы национальных счетов, характеризующий конечный результат экономической деятельности страны.

Валовая (чистая) прибыль экономики представляет собой ту часть добавленной стоимости, которая остается у производителей после вычета расходов, связанных с оплатой труда работников и уплатой налогов на производство. Термин «валовая» или «чистая» в данном случае указывает на то, включает или не включает этот показатель потребление основного капитала в процессе производства.

Прибыль, образующаяся в результате производственной деятельности предприятий, находящихся в собственности домашних хозяйств, носит название валового смешанного дохода, поскольку она отражает как оплату работы, выполненной собственником предприятия, так и прибыль от предпринимательства.

Трансферт представляет собой операцию, когда одна институциональная единица предоставляет товар, услугу или актив (финансовый или нефинансовый) другой единице, не получая взамен от нее возмещения в виде товара, услуги или актива. Различают текущие и капитальные трансферты. Они могут производиться в денежной и натуральной форме.

Таза кредит беру (+) немесе таза қарыз алу (-) көрсеткішінің мәні мемлекетте жыл бойы қалған әлемнің алдында қалыптасқан қарыздың таза сомасын сипаттайды, немесе, керісінше – қалған әлемнің мемлекет алдындағы қарызы. Көрсеткіштің мәні оң немесе теріс болуы мүмкін. Көрсеткіштің оң мәні қарастырылып отырылған кезең үшін мемлекеттің институционалды бірліктерін қалған әлемнің таза кредиттеуі, теріс көрсеткіш таза қарыз алуын көрсетеді.

Таза экспорт экспорт пен импорт арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады және оған Қазақстанның шет елдермен, ТМД елдерін қоса, сауда айналымы кіреді.

ЖІӨ индекс-дефляторы – ағымдағы бағаларда есептелген ЖІӨ-нің, өткен кезеңнің салыстырмалы бағаларында есептелген ЖІӨ-нің көлеміне қатынасы. ЖІӨ дефляторының тауарлар мен қызметтер бағасының индексінен айырмашылығы, ол баға өзгеруінің нәтижесінде еңбекақының, пайданың (аралас табыстарды қоса) және негізгі капиталды тұтынудың, сондай-ақ таза салықтардың атаулы жиынының өзгеруін сипаттайды.

## **Инвестициялар статистикасы**

### **Статистика инвестиций**

Негізгі капиталға салынған инвестициялар - жаңа құрылысқа, кеңейтуге, сонымен қоса объектінің бастапқы құнының көбеюіне әкелетін объектілерді қайта құру мен жаңартуға, машина, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға және т.б. бағытталған инвестордың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді алу мақсатында қаражаттарды салуы.

Чистое кредитование (+) или чистое заимствование (-) характеризует чистую сумму долга, возникшего у страны перед остальным миром за год, или, наоборот – долг остального мира перед страной. Значение показателя может быть положительным и отрицательным. Положительное значение показателя указывает на чистое кредитование страной институциональных единиц остального мира за рассматриваемый период, отрицательное – чистое заимствование.

Чистый экспорт рассчитывается как разница между экспортом и импортом и включает в себя оборот казахстанской торговли с зарубежными странами, включая страны СНГ.

Индекс-дефлятор ВВП – отношение ВВП, исчисленного в текущих ценах, к объему ВВП, исчисленного в сопоставимых ценах предыдущего периода. В отличие от индекса цен на товары и услуги дефлятор ВВП характеризует изменение оплаты труда, прибыли (включая смешанные доходы) и потребления основного капитала в результате изменения цен, а также номинальной массы чистых налогов.

Инвестиции в основной капитал - вложения средств с целью получения инвесторами экономического, социального или экологического эффекта в случае нового строительства, расширения, а также реконструкции и модернизации объектов, которые приводят к увеличению первоначальной стоимости объекта, а также на приобретение машин, оборудования, транспортных средств, на формирование основного

Құрылыс-монтаж жұмыстары – ғимараттар мен имараттарды салу, кеңейту, қайта құру, техникалық қайта жарақтандыру жұмыстарына; сонымен қоса энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстарына кеткен шығындар.

Машиналарға, жабдыққа, аспапқа, құрал-сайманға инвестиция салу – бұл машиналар, көлік құралдарын, жабдықтар, аспап және құрал-сайман (арзан бағалы және тез тозғыш заттардан басқа) сатып алуға және оларды күрделі жөндеуге кеткен шығындар.

Тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу жұмыстары – объектінің бастапқы құнын көбейтетін тұрғын және тұрғын емес үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу бойынша шығындар. Күрделі жөндеу барысында тозған конструкциялар мен бөлшектерді жана және үнемді, олардың пайдалану мүмкіндіктерін жақсартатын жаңа конструкцияларға ауыстыру жұмыстары жатады.

Басқа да күрделі жұмыстар мен шығындар биологиялық активтерге (көп жылдық дақылдарды отырғызу және өсіру, жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табындарды іріктеу); геологиялық барлау шығындары; жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар; бағдарламалық қамсыздандыру, деректер базасын құру және сатып алуға кеткен шығындар; әдеби және көркемдік шығармалардың түпнұсқасын көбейту үшін сатып алу шығындары және өзге шығындар жатады.

Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар – жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлердің, жатақханалардың, әлеуметтік топтарға арналған тұрғын ғимараттардың құрылысына кеткен шығындар.

Қолданысқа енгізілген негізгі

стада, многолетних насаждений и т.д.

Строительно-монтажные работы – затраты на строительные работы по возведению зданий и сооружений, расширению, реконструкции и техническому перевооружению; работы по монтажу энергетического, технологического и другого оборудования.

Инвестиции в машины, оборудование, инструмент, инвентарь – это затраты на приобретение и капитальный ремонт машин, транспортных средств, оборудования, инструмента и инвентаря (кроме стоимости малоценного и быстроизнашивающегося).

Работы по капитальному ремонту жилых, нежилых зданий и сооружений – затраты по капитальному ремонту нежилых, жилых зданий и сооружений, увеличивающие первоначальную стоимость объекта. При капитальном ремонте производится смена изношенных конструкций и деталей или замена их на более прочные и экономичные, улучшающие эксплуатационные возможности ремонтируемого объекта.

Прочие капитальные работы и затраты включают в себя расходы по биологическим активам (насаждению и выращиванию многолетних культур, формированию рабочего, продуктивного и племенного стада); геологоразведочные работы; капитальные затраты по улучшению земель; затраты на создание и приобретение программного обеспечения, баз данных; затраты на приобретение оригиналов литературных и художественных произведений для тиражирования и другие затраты.

Инвестиции в жилищное строительство – затраты на строительство индивидуальных и многоквартирных жилых домов, общежитий, жилых зданий для социальных групп.

В показатель ввод в действие

қаражаттардың құрамына құрылыс аяқталған және қолданысқа енгізілген кәсіпорындар, өндірістік және өндірістік емес ғимараттар мен имараттардың құны; машиналар, құрал-жабдықтар, көлік құралдарының барлық түрлерінің (монтажды талап ететін, талап етпейтін, құрылыс сметасына кіретін, кірмейтін) құны; негізгі қаражаттарға кіретін құралдар, мүкәммал және өзге заттардың құны; көпжылдық екпелердің құны (бақтар, жүзімдер және т.б.); жер суару және құрғату бойынша жұмыстар құны; бұрғылаумен аяқталған және қолданысқа берілген мұнай және газ эксплуатациялық ұңғымалар құны, сонымен қоса пайдалануға берілген қажетті мұнай немесе газ дебитімен барлау ұңғымаларының құны; жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар және негізгі қаражаттардың құнын өсірумен байланысты өзге де шығындар кіреді.

## **Ғылым статистикасы**

### **Статистика науки**

Ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

Іргелі зерттеу – табиғат, қоғам, адам дамуының негізгі заңдылықтары мен олардың өзара байланысы туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеу;

основных средств включается стоимость законченных строительством и введенных в действие предприятий, зданий и сооружений производственного и непроизводственного назначения; стоимость машин, оборудования, транспортных средств всех видов (требующих и не требующих монтажа, входящих и не входящих в сметы на строительство); стоимость инструмента, инвентаря и других предметов, зачисляемых в основные средства; стоимость многолетних насаждений (садов, виноградников и т.д.); стоимость работ по орошению и осушению земель; стоимость законченных бурением и введенных в действие нефтяных и газовых эксплуатационных скважин, а также разведочных скважин капитальные затраты по улучшению земель и другие затраты, связанные с увеличением стоимости основных средств.

Научные исследования – прикладные, фундаментальные, стратегические научные исследования, осуществляемые субъектами в рамках научно-исследовательских, опытно-конструкторских и технологических работ, надлежащими научными методами и средствами в целях достижения результатов научной и (или) научно-технической деятельности;

Фундаментальное исследование – теоретическое и (или) экспериментальное исследование, направленное на получение новых научных знаний об основных закономерностях развития природы, общества, человека и их взаимосвязи;

Қолданбалы зерттеулер – практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға бағытталған қызмет;

Стратегиялық зерттеулер – стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған іргелі не қолданбалы зерттеулер.

## **Инновация статистикасы**

### **Статистика инноваций**

Инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзінде асырылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі;

Инновациялық грант – индустриалды-инновациялық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге олардың индустриалды-инновациялық жобаларын жүзеге асыруы үшін инновациялық гранттарды ұсынудың негізгі бағыттары шеңберінде өтеусіз негізде ұсынылатын бюджеттік қаржы.

## **Кәсіпорын статистикасы**

### **Статистика предприятий**

Бөлімде Статистикалық бизнес-тіркелім негізінде алынған Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары туралы деректер келтіріледі. Заңды тұлғалар қызметкерлердің тізімдік санына байланысты:

Прикладное исследование – деятельность, направленная на получение и применение новых знаний для достижения практических целей и решения конкретных задач;

Стратегические исследования – фундаментальные либо прикладные исследования, направленные на решение стратегических задач.

Инновация – результат деятельности физических и (или) юридических лиц, получивший практическую реализацию в виде новых или усовершенствованных производств, технологий, товаров, работ и услуг, организационных решений технического, производственного, административного, коммерческого характера, а также иного общественно полезного результата с учетом обеспечения экологической безопасности в целях повышения экономической эффективности;

Инновационный грант – бюджетные средства, предоставляемые субъектам индустриально-инновационной деятельности на безвозмездной основе для реализации их индустриально-инновационных проектов в рамках приоритетных направлений предоставления инновационных грантов.

В разделе приводятся данные о юридических лицах Республики Казахстан, полученные на основании Статистического бизнес-регистра. Юридические лица классифицируются по их размерности, в зависимости от списочной численности работников:

Шағын (100 адамға дейін);  
Орта (101-ден 250 адамға дейін);  
Ірі (250 адамнан астам) деп, олардың  
мөлшерлілігі бойынша сыныпталады.

Малые (до 100 человек);  
Средние (от 101 до 250 человек);  
Крупные (свыше 250 человек).

## **Кәсіпорындар қаржысы Финансы предприятий**

Салық салынғанға дейінгі пайда (залал) – қаржыландырудан түскен жалпы пайда, кіріс, өзге де табыстардың сомасы мен өнімді өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстардың, қаржыландыруға арналған шығыстардың, әкімшілік және өзге де шығыстардың сомасының айырмасы ретінде анықталады.

Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс - алынған және алуға жататын табыс сомасынан қосылған құн салығын, акциздерді алып тастағандағы, сондай-ақ, қайтарылып берілген, тұтынушыларға ұсынылған сауда жеңілдіктері мен баға жеңілдіктерін алып тастағандағы түскен табыс.

Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны - босатылған (тиелген) дайын өнімнің (тауарлардың, қызметтердің) есепке алынған нақты құны.

Дебиторлық берешек – жеке және заңды тұлғалардан, кәсіпорынға олармен шаруашылықтық өзара қатынасының қорытындысында тиесілі борыштар сомасы.

Міндеттемелер бойынша берешек – кәсіпорынмен уақытша тартылған және тиісті жеке және заңды тұлғаларға қайтаруға жататын ақшалай қаражаттар.

Прибыль (убыток) до налогообложения определяется как разница между суммой валовой прибыли, доходов от финансирования, прочих доходов и суммой расходов по реализации продукции и оказанию услуг, расходов на финансирование, административных и прочих расходов.

Доход от реализации продукции и оказания услуг - сумма полученного и подлежащего к получению дохода за минусом налога на добавленную стоимость, акцизов, а также стоимости возвращенных товаров, скидки с продаж и скидки с цены, представленных покупателю.

Себестоимость реализованной продукции и оказанных услуг - фактическая себестоимость отпущенной (отгруженной) готовой продукции (работ, услуг).

Дебиторская задолженность – сумма долгов, причитающаяся предприятию, от юридических или физических лиц в итоге хозяйственных взаимоотношений с ними.

Задолженность по обязательствам – денежные средства, временно привлеченные предприятием и подлежащие возврату соответствующим юридическим и физическим лицам.



## **Ішкі сауда статистикасы**

### **Статистика внутренней торговли**

Бөлшек сауда – халыққа жеке тұтыну және үйге пайдалану немесе кәдеге жарату үшін жаңа және бұрын пайдаланылған тауарларды қайта сату (өңдемей сату).

Көтерме сауда – жаңа және бұрын пайдаланылған тауарларды бөлшек сауда сатушыларға, өнеркәсіп, коммерциялық, институционалдық, кәсіби пайдаланушыларға немесе басқа да көтерме сауда сатушыларына, сондай-ақ осы тұлғалар мен компаниялар атынан сатып алатын агенттер мен маклерлерге қайта сату (өңдемей сату).

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер (қоғамдық тамақтандыру) – тұтыну үшін дайын тағамдарды, сусындарды мейрамханаларда, барларда, кафелерде, таверналарда, асханаларда және тағы басқаларда сату, өзі шығарған өнімдерді, сондай-ақ тез арада пайдалануға жарамды басқа азық-түлік тауарларын өндірумен, өңдеумен, өткізумен және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет.

Розничная торговля – перепродажа (продажа без переработки) новых и бывших в употреблении товаров населению для личного потребления, домашнего использования или утилизации.

Оптовая торговля – перепродажа (продажа без переработки) новых и бывших в употреблении товаров розничным торговцам, промышленным, коммерческим, институциональным или профессиональным пользователям или же другим оптовым торговцам, а также лицам, исполняющим обязанности агентов или маклеров при покупке товаров от имени таких лиц или компаний, или продаже им товаров.

Услуги по предоставлению продуктов питания и напитков (общественное питание) – продажа готовой пищи для потребления, напитков в ресторанах, барах, кафе, тавернах, закусочных, столовых и других, иными словами предпринимательская деятельность, связанная с производством, переработкой, реализацией и организацией потребления собственной продукции, а также других продовольственных товаров, пригодных для немедленного употребления.

## **Сыртқы және өзара сауда статистикасы**

### **Статистика внешней и взаимной торговли**

Бұл жарияланымда тауарлардың сыртқы саудасы статистикасы бойынша деректер кеден жүк декларацияларын өңдеу негізінде алынған, ұйымдаспаған сауда есебінсіз беріліп отыр.

По статистике внешней торговли товарами в настоящей публикации приводятся данные без учета неорганизованной торговли, которые получены на основе обработки грузовых таможенных деклараций.

Сыртқы сауда статистикасында есепке алынатын негізгі көрсеткіштер болып табылады:

- сыртқы сауда айналымы – елдің белгілі бір кезеңдегі экспорты мен импортының жиынтық көлемі;

- тауарлар экспорты – сыртқы рынокта өткізу үшін тауарларды шетке шығару, сондай-ақ шетелде шығарылған тауарлардың кері экспорты;

- тауарлар импорты – шетелден ел ішінде пайдалануға арналған және кері экспорт үшін тауарлар әкелу.

Экспорт көлеміне отандық тауарлар экспорты, отандық тауарларды мемлекеттің кедендік аумағынан тыс қайта өңдеуге әкету, шетелдік тауарларды кедендік аумақта және кедендік бақылауда қайта өңдеуден кейінгі әкету, ел аумағына кері экспорт мақсатында бұрын әкелінген тауарларды әкету, еркін кеден аймағы мен еркін қоймалардан экспорт, бажсыз сауда дүкендерінен тауарлар экспорты, жалға беру мерзімі бір жыл және одан да көп тауарлардың уақытша әкетілуі қосылады.

Импорттың негізгі құрама компоненттері болып табылатындар: ел ішінде пайдалануға арналған тауарлар импорты; шетелдік тауарларды мемлекеттің кедендік аумағында және кедендік бақылауда қайта өңдеу үшін әкелу; тауарларды мемлекеттің кедендік аумағынан тыс қайта өңдеуден кейінгі әкелу; кері экспортқа арналған тауарларды әкелу; кері импорт; еркін кеден аймағы мен еркін қоймалар аумағына импорт; бажсыз сауда дүкендерінен тауарлар импорты, жалға алу мерзімі бір жыл және одан да көп тауарларды уақытша әкелу.

Есепке алынбайтындар: мемлекет аумағы арқылы транзит; бір жылдан аз мерзімге уақытша әкеліп-әкету;

Основными показателями, учитываемыми в статистике внешней торговли, являются следующие:

- внешнеторговый оборот – совокупный объем экспорта и импорта страны за определенный период;

- экспорт товаров - вывоз из страны товаров для реализации на внешнем рынке, а также реэкспорт товаров иностранного происхождения;

- импорт товаров - ввоз из-за границы товаров иностранного происхождения, предназначенных для использования внутри страны и для реэкспорта.

В объем экспорта включаются: экспорт товаров отечественного происхождения, вывоз отечественных товаров на переработку вне таможенной территории государства, вывоз иностранных товаров после переработки на таможенной территории и под таможенным контролем, вывоз товаров ввезенных ранее на территорию страны в целях реэкспорта, экспорт из свободных таможенных зон и свободных складов, экспорт товаров из магазинов беспошлинной торговли, временный вывоз товаров со сроком аренды на год и более.

Основными составными компонентами импорта являются: импорт товаров, предназначенных для использования внутри страны; ввоз иностранных товаров для переработки на таможенной территории государства и под таможенным контролем; ввоз товаров после переработки вне таможенной территории государства; ввоз товаров, предназначенных для реэкспорта; реимпорт; импорт на территорию свободных таможенных зон и свободных складов, импорт товаров из магазинов беспошлинной торговли, временный ввоз товаров со сроком аренды на год и более.

жойылатын тауарлар; тауарларды әкету кезінде мемлекет пайдасы үшін бас тарту; кеден қоймасына немесе еркін аймаққа орналастырылған және мемлекет аумағынан тысқары әкетуге арналған тауарлар; кеден қоймасы мен еркін аймақ аумағынан мемлекет аумағына әкетілетін тауарлар.

Сыртқы сауда ағынының географиялық бөлінуі мына тәсімде жүргізіледі:

- тауарлар экспорты – тауардың жеткізілетін (тұтынатын) елі бойынша;
- тауарлар импорты – тауардың шығарылған елі бойынша.

Экспорт тауарларының құндық есебі FOB немесе FOB бағаларында (тауарды сату шарты, ол бойынша тауар бағасына оның құны және тауарды кеме бортына немесе экспортшы елдің шекарасына дейін жеткізу мен тиеу шығыстары қосылады); импорт тауарлары - КСТ немесе ТСТ бағаларында (тауарды сату шарты, ол бойынша тауар бағасына оның құны, тауарды сақтандыру және портқа немесе импортшы елдің шекарасына дейін тасу шығыстары қосылады) шығарылады.

Не учитываются: транзит через территорию государства; временный ввоз-вывоз на срок менее года; уничтожаемые товары; отказ в пользу государства при вывозе товаров; товары, помещаемые на таможенный склад или в свободную зону и предназначенный для вывоза за пределы территории государства; товары, вывозимые с территории таможенного склада и свободной зоны на территорию государства.

Географическое распределение внешнеторгового потока производится по такой схеме:

- экспорт товаров - по стране назначения (потребления) товара;
- импорт товаров - по стране происхождения товара.

Стоимостной учет экспортных товаров производится в ценах FOB или DAF (условие продажи товара, по которому в цену товара включается его стоимость и расходы по доставке и погрузке товара на борт судна или до границы страны-экспортера); импортных товаров - в ценах CIF или CIP (условие продажи товара, согласно которому в цену товара включается его стоимость, расходы по страхованию и транспортировке товара до порта или границы страны-импортера).

## **Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы**

### **Статистика сельского, лесного, охотничьего и рыбного хозяйства**

Ауыл шаруашылығы кәсіпорны – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сақтаумен, қайта өңдеумен және ауыл шаруашылығы саласындағы қызмет көрсетумен айналысатын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі.

Сельскохозяйственное предприятие – юридическое лицо или его структурное подразделение, занимающееся производством, хранением и переработкой сельскохозяйственной продукции, оказанием услуг в области сельского хозяйства.

Шаруа немесе фермер қожалығы – адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі.

Жұртшылық шаруашылығына халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтармен бақшалар, саяжай учаскелері жатады. Жеке қосалқы шаруашылықтарға жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін пайдалануға, иеленуге және меншікке беріледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы – осы салада өткізу үшін, сондай-ақ өзінің тұтынуына құрылған өніммен қызметтердің жалпы құны. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы өсімдік және мал шаруашылығының өндірілген өнімінің құны, өсімдік шаруашылығындағы аяқталмаған өндіріс құнының өзгеру шамасының және көрсетілген ауыл шаруашылығы қызметтер көлемінен қалыптасады.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімдерінің (қызметтерінің) нақты көлем индексі - салыстырылатын кезеңдердегі ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі - ағымдағы жылғы түсімнен алынған барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының құны: дәнді, техникалық дақылдар (майлы дақылдар тұқымы, қант қызылшасы, темекі және т.б.), картоп, көкөніс және бақша дақылдары, жеміс-жидек, өзге де өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері (азықтық тамыр жемістілер,

Крестьянское или фермерское хозяйство – трудовое объединение лиц, в котором осуществление индивидуального предпринимательства неразрывно связано с использованием земель сельскохозяйственного назначения для производства сельскохозяйственной продукции, а также с переработкой и сбытом этой продукции.

К хозяйствам населения относятся личные подсобные хозяйства населения, коллективные сады и огороды, дачные участки. Личным подсобным хозяйствам земля предоставляется в пользование, владение и собственность для производства продукции сельского хозяйства.

Валовой выпуск продукции (услуг) сельского хозяйства – это общая стоимость продукции и услуг, созданных в отрасли, как для реализации, так и для собственного потребления. Валовой выпуск продукции (услуг) сельского хозяйства формируется из стоимости произведенной продукции животноводства и растениеводства, величина изменения стоимости незавершенного производства в растениеводстве и объема оказанных сельскохозяйственных услуг.

Индекс физического объема валовой продукции (услуг) сельского хозяйства - относительный показатель, характеризующий изменение объема производства в сельском хозяйстве в сравниваемых периодах.

Валовая продукция растениеводства – стоимость всех сельскохозяйственных культур, полученных от урожая текущего года: зерновых, технических культур (семян масличных культур, сахарной свеклы, табака и другие), картофеля, овощей и бахчевых культур, плодов и ягод, прочих

шөп, сабан, пішендеме, сүрлем, гүлдер және т.б.).

Мал шаруашылығының жалпы өнімі – ауыл шаруашылығы малдарынан алынған өнімдердің (сүт, жұмыртқа, жүн, тері және т.б.) құны, шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілген мал және құстың құны, ара шаруашылығы, терісі бағалы аң шаруашылығы өнімінің құны.

Жалпы жер алаңы – мемлекеттік шекара ішіндегі ішкі сулармен бірге құрылық бетінің көлемі.

Ауыл шаруашылығы жерлері – ауыл шаруашылығы өнімдерін алу үшін пайдаланылатын жер учаскелері. Оның құрамына егістік, тыңайған жерлер, тұрақты дақылдар егілетін жерлер, шабындықтар мен жайылымдар кіреді.

